

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. <http://www.inform.kz/kaz/article/2815212>
5. "Жас қазақ" газеті, Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ, философ-публицист.

УДК 327.821(73):(51)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА ҚАТЫСТЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫ: АҚШ ДИПЛОМАТИЯСЫ

Омаш Салима Болатқызы

salima.omash@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан


Ғылыми жетекшісі – П.Қилыбаева

Заманауи әлемде күш қолдану, әсіресе, әскери күшті қолдану белгілі себептерге байланысты шектелуде, мысалы: күш қолдану шиеленістердің күтпеген ушығуына алып келуі мүмкін; соғыстың көнерген әдістерін пайдалану барысында жоғары дәлдіктегі қаруды пайдалану жеңісті қамтамасыз етпейді; соғыс қимылдары аяқталғаннан кейін зардаптарды реттеу де мәселе тудырады және т.б. Әскери күш қолдану әсер ету арсеналынан түпкілікті жойылмаса да, әсер ету саласы әлемдік саясатта елеулі өзгерістерге ұшырады [1]. Осыған байланысты «жұмсақ күш» мүмкіндіктері ерекше қызығушылық тудырады.

Дж. Най «жұмсақ күш» дегенде белгілі бір жағдайлар, құбылыстар немесе іс-әрекет қалпына және т.с.с. байланысты тартымдылықты айтады [2, 96]. Бұл тұрғыда, тартымдылық үлгісі мәжбүрлеу және күшпен бағындыру әдістеріне қарсы келеді. «Жұмсақ күш» пен «қатты күшті» салыстыру мақсатында Дж. Най өз еңбектерінің бірінде идеясын графика түрінде көрсетті. Екі күш бір-біріне қрама-қарсы болса да, бір сызықтың бойында орналасып, континуум құрайды, яғни бірінің бірі жалғасы болып табылады (1 сурет) [3].

«Жұмсақ күш» әсер ету құралы ретінде белсенді түрде ХХІ ғасырда қолданыла бастады, бірақ әр мемлекеттің бұл саясатты қолдану себептері әрқандай. АҚШ үшін маңызды бетбұрыс сәті 2001 жылы 11 қыркүйектегі лаңкестік әрекеттері болды. Американдықтардың алдында сол мезетте шетелдерде, әсіресе, мұсылман әлемінде, өз мемлекетінің жағымды бейнесін қалыптастыру міндеті тұрды.

1 сурет: «Жұмсақ күш» пен «қатты күшті» салыстыру

КҮШ		
Әрекет ету спектрі	Қатты	Жұмсақ
	Мәжбүрлеу Ынталандыру Бұйыру тәсілі 	Мақсатты Тартымдылық анықтау Ынтымақ- тастық
Мүмкіндігі жоғары ресурстар	Күш көрсету Төлемдер мен паралар әдістері, санкциялар	Институттар Құндылықтар, мақсат, мәдени ержелер

Орталық Азия аймағы әлемдік жетекші акторлардың қызығушылығын тудыруда. Аймақтың геосаяси орналасуы, энергоресурстық шикізаттарға бай болуы, сыртқы күштердің тартылуына ықпал болуда. Алайда, аймақтағы мемлекеттерде саяси тұрақтылық мәселесі,

этникааралық қақтығыстар, есірткі айналымы, ислам дініндегі радикалды үрдістер және т.б мәселелер бар. Сонымен қатар, орталықазиялық мемлекеттер, көршілес мемлекеттеріне тұрақсыздандыру әсерін қалдыра алатын Ауғанстан секілді мемлекетпен шектеседі. Нәтижесінде, бұл аймақта әртүрлі өркениеттерге жататын, әр қайсысының өзіндік тартымдылығы бар бірнеше мемлекеттердің стратегиялық қызығушылықтары түйіседі. Сондай-ақ, Орталық Азия әсер етуге өте қиын аймақ. Ол көне мәдениет және дәстүрлермен сипатталады, оларды білмеу күтілген нәтижеден тікелей қарама-қарсы нәтижеге алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, «жұмсақ күштің» дәстүрлі әдістерін іске асыруды қиындататын рулық және туысаралық қатынастардың бар болуымен ерекшеленеді.

«Жұмсақ күш» арқылы Орталық Азия мемлекеттеріне әсер етуге ұмтылатын мемлекеттер баршылық. Мысалы, АҚШ, Ресей, Еуропа Одағы, Қытай, Иран, Түркия, Үндістан, Жапония және т.б.

А.М. Горчаков атындағы жария дипломатия Қоры Орталық Азияға қатысты 2014 жылдың қаңтар айында жасалған мақалалар сұранысы бойынша: Ресейде 488, Еуропада 676, АҚШ 760, АТМА 23 мақала жариялымы табылған [4]. Бұл сандар Орталық Азияны зерттеуде осы мемлекеттердің қызығушылықтары қаншалықты жоғары екендігін көрсетеді. Ресей Федерациясында халықаралық істерге байланысты Ресей кеңесі (РСМД), осы аймақ бойынша кешенді баяндама және жұмыс дәптерін жасаумен айналысады.

ОА аймағында гранттар беру арқылы «жұмсақ күшті» іске асыратын еуропалық және американдық қорлар мен мемлекеттік емес ұйымдар жұмыс атқарады. Олардың ішінде: USAID, Сорос қоры, IREX, К. Аденауэр қоры, Ф. Эберт қоры, Гете институты, академиялық ұтқырлық бойынша неміс қызметі (DAAD) және т.б. [5]. USAID келесі бағыттар бойынша бағдарламаларды жүзеге асырады: денсаулықсақтау саласында (ең алдымен ЖҚТБ және туберкулез секілді ауруларға қарсы күрес); демократияның дамуы, адам құқығы және жергілікті өзін-өзі басқару; қоршаған орта және климаттың өзгеруі; экономикалық даму және сауда. Орталық Азия аумағында, Тәжікстанды қоспағанда, басқа елдерде Құрама Штаттарды жақсы түсінуге ықпал болатын, американдықтар басқа халыққа қатысты өзара түсіністікті ілгерілету үшін жасалған американдық Бейбітшілік корпусы жұмыс атқарды.

Еуропа Одағы білім беру, адам құқығына байланысты бағдарламалардың маңыздылығын түсіне отырып, өзі үшін экономикалық тиімді жобаларға қаражатын жұмсайды. Осылайша, Орталық Азияға көмек стратегиясында 2007-2013 жылдар аралығында ЕО Қазақстанмен қарым-қатынасының дамуына 531 105 397 еуро жұмсады. Олар келесідей бөлінді: адам құқығы және демократияның дамуы – 83 536 309 еуро, білім беру – 89 618 457 еуро, Қазақстандағы бизнестің дамуы – 109 880 866 еуро, транспорттық желілердің және энергошикізаттардың дамуы – 131 766 778 еуро, табиғатты қорғау қызметі және су – 52 905 656 еуро, жалпы қауіпсіздік мәселелеріне қарсы тұру – 63 397 330 еуро [6].

Қытай да ЕО сияқты ОА аймағында өзінің экономикалық қызығушылықтарын жүзеге асыру үшін «жұмсақ күшті» пайдаланады. Алайда, ҚХР азаматтық қоғам құрылымына емес, ресми арналарға сүйенеді. Осылайша, ол 2005 жылы жыл сайын кездесулер өткізіп отыратын мәдени және гуманитарлық ынтымақтастық бойынша қытай-қазақ шағын комитетін құрды [7]. Қытай аймақтағы өзінің тілі, мәдениеті, өмір сүру салтының дамуына назар аудара отырып, мәдени және тілдік кедергілерді жою арқылы өзінің экономикалық мүдделерін қамтамасыз етуге тырысады.

АҚШ Орталық Азияда «жұмсақ күш» саясатын білім беру, мәдени және ағартушылық бағдарламалары арқылы іске асырады. Олардың ішінде:

- Ағылшын тілін оқыту орталықтары;
- Студенттермен алмасу бағдарламалары;
- Жалпы білім беретін мектептерде оқу-әдістемелік бағдарламасын жетілдіру бағдарламалары;
- Университет оқытушыларының біліктілігін арттыру үшін бағдарламалар;
- Түлектер арасындағы байланысты сақтайтын бағдарламалар;
- АҚШ-та білім алу мәселелері бойынша консультациялар бағдарламасы.

Сол сияқты, Германия мен Қытай студенттер мен мектеп оқушылары арасында алмасу жүргізу, Гете және Конфуций Институттарын ашу арқылы саясатын жүргізеді. Сонымен қатар, АҚШ білім беру саласындағы жеке бағдарламалардан бөлек, АҚШ және қазақстандық жоғары білім беру жүйесін синтездеу арқылы Алматыда Қазақ-Америка Университетін (ҚАУ) құрды. ҚАУ Американдық колледждер және университеттер қауымдастығының мүшесі болып табылады. Жалпы алғанда, кейбір сарапшылардың пікірінше, Ресей ұзақ уақыт бойындағы Орталық Азия елдерінен шыққан азаматтарға білім беру қызметтерін ұсынуына қарамастан, әлі күнге дейін осы салада АҚШ пен Еуропаға орын беріп келеді.

АҚШ жүргізіп отырған «жұмсақ» әсер саясатының тәжірибелік мазмұны, оның сыртқы саясатын түсіндіру мен жан-жақты жағымды қамту бойынша кең ақпараттық жұмыстан тұрады; қазіргі уақыттағы жаңа салыстырмалы беталыс Интернет мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану болып табылады.

Орталық Азиядағы АҚШ-тың барлық ресурстық орталықтары және елшіліктері Facebook парақшалары бар, ақпаратты тарату саласында Twitter, YouTube, MySpace және т.б. сайттар белсенді жұмыс атқаруда. «Электронды дипломатия» идеясының жақтаушысы Х.Клинтон болып табылады – оны «XXI ғасыр дипломатиясының кіндік шешесі» деп те атайды.

Американың өзінде мемлекеттік департамент тобының медиа-технологиялармен қызығушылығын барлығы дерлік жақтамайды. Е.Морозов атап өткендей (Джорджтаун университеті), «дипломатия Америка саясатаның бірден-бір «ашық үкімет» объектісі болуға тиым салынатын элементтерінің бірі, өзінің даму тарихында бұл салада жетістікке жетудің себебі – барлық әрекеттер жабық есік артында жүзеге асырылатынын. Twitter-бюрократия заманында ол бірқатар қиындықтар алып келуі мүмкін» [8].

Вашингтон бұған дейін Интернет-дипломатияның кері тұсымен бірнеше рет бетпе-бет кездескен. Пентагонның құпия мәліметтерінің жария болуына байланысты дау-дамайлар, олардың Wikileaks сайтында жарық көруі – «XXI ғасыр дипломатиясы» дәуіріне аяқ басқанның тікелей салдары. 2009 жылдың маусым айындағы президенттік сайлау уақытында батысқа қарсы насихатты жүргізу үшін және диссиденттерді бақылау үшін Иран әлеуметтік желілерді тиімді пайдаланды. Ал Қытай үкіметі болса, Интернетте цензураға қатаң тосқауыл қойды, ол пайдаланушыларға «адам құқығы», «Тибет», «ұйғырлар», «Фалуньгун» және т.б. сияқты ақпараттарға сұраныстарды бұғаттайды, ал 2009 жылы шілде айында Шыңжаңдағы тәртіп бұзушылықтан кейін, бұл аймақта Интернет желісі мүлдем қол жетімсіз болған.

Соған қарамастан, Интернет технологиялар мен әлеуметтік желілер арқында жария дипломатия жаңа деңгейде сапалы түрде іске асып жатқандығында ешкімнің күмәні жоқ. Неміс зерттеушілері Й.Бонен және Я.-Ф.Кальморген «осылайша, қуатты тарату механизмдері көмегімен кәсіби саяси науқанға ауысатын, мақсатты, бағытталған, бағдарламалық жұмыс жасауға болады. Жаңа Интернет-технологиялар түрінде саясаттандырылған желілер, саясатты өз логикасына бағындыра алатын, қуаты мол тетікке айналады» [9].

Онымен қоса, жоғарыда айтылғандай, АҚШ жария дипломатиясын іске асырудағы қолданылатын тетіктердің бір түрі – ресурстық орталықтар. Орталық Азия бойынша олардың орналасу динамикасын көре аламыз (2сурет).

2 сурет: АҚШ Орталық Азиядағы ресурстық орталықтары (бұқаралық ақпарат құралдарының орталықтары есепке алынбаған)

Мемлекет	Жария дипломатияның ресурстық орталықтары
Қазақстан	22 ресурстық орталықтар: 11 «Америка бұрыштары» негізгі облыс орталықтарында, 5 EducationUSA орталықтары (Ақтөбе, Алматы, Астана, Қарағанды, Шымкент), Алматыдағы IREX өкілдігі, халықаралық білім беру бойынша Американдық кеңес орталықтары (ACCELS) Астанада және Алматыда, американдық Бейбітшілік корпусы, Алматыдағы қазақ-американдық университет (ҚАУ).

Қырғызстан	15 ресурстық орталықтар: Бишкектегі елшілік, 5 «Америка бұрыштары» (Қаракөл, Қант, Талас, Джалал-Абад, Баткен), 4 EducationUSA орталықтары (Бишкек, Қаракөл, Нарын, Ош), Американдық кеңес кеңселері және Бишкектегі IREX, Бейбітшілік корпустары. Бишкектегі ОА американдық университеті және Токмак қаласындағы ОА халықаралық университеті.
Тәжікстан	9 ресурстық орталықтар: Душанбедегі елшілік, 5 «Америка бұрыштары» (Душанбе, Худжанд, Хорог, Куляб, Курган-Төбе), 2 EducationUSA орталықтары (Душанбе, Худжанд), Американдық кеңес орталықтары және Душанбедегі IREX, «Америка даусы» (Voice of America) бағдарламасы тәжіктер түсінетін парсы тілінде жүргізіледі.
Түркіменстан	5 ресурстық орталықтар: елшілік, Ашхабадтағы америка орталығы, 3 «Америка бұрыштары» (Түркіменабад, Дашағұз, Мары), оларға EducationUSA, IREX және американдық кеңестер ресурстары біріктірілген.
Өзбекстан	1 ресурстық орталық: EducationUSA орталығы және Ташкенттегі АҚШ елшілігі жанындағы ақпараттық-ресурстық орталық. Радио «Америка даусы» бағдарламасын өзбек тілінде хабар жүргізеді.

Орталық Азия елдерінде АҚШ ресурстық орталықтардың дамыған желілеріне ие. Соладың ішінде, ең алдымен, «Америка бұрыштары» (American Corners). Алған олар 1990 жылдары Ресейде құрылған (алғашында ақпараттық-білім беру орталығы ретінде). Тек 2000 жылы бағдарлама концепциясы және American Corners бренді пайда болды.

2002 жылы АҚШ мемлекеттік департаментінің қоғаммен байланыс жөніндегі басқармасы «бұрыштардың» желісін ұлғайтуды ұсынды. Ол КСРО бұрынғы мемлекеттерін, Орталық-Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерін, Орта және Қиыр Шығыс мемлекеттерін қамтуы тиіс етін. Қазіргі таңда әлем бойынша 400 аса «Америка бұрыштары» жұмыс жасап жатыр, оның 24 Орталық Азия аймағында [11].

Қазақстан Республикасында Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен салыстырғанда Америкамен салыстырғанда, Ресейдің ресурстық орталықтары көптеп келеді. Бірақ соның өзінде Қазақстан АҚШ-тың «жұмсақ күш» жария дипломатиясын іске асырудағы алдыңғы мемлекеттерді бірі. Қырғызстан мен Тәжікстанда шетел орталықтарының белсенді қызметі ешбір кедергіге ұшырамайды, ол жергілікті үкіметтің шет елдерден қандай да болмасын көмекке зәрулігінен көрініс табады. Түркіменстан мен Өзбекстанның, салыстырмалы түрде жоғары дәрежедегі жабық саясат ұстануы, кедергілер келтіреді. Түркіменстан Ниязов дәуірінен бері келе жатқан саясатты жаңа басшылықтың ауыстыру есебінен, қазіргі таңда сыртқы әлемге біртіндеп ашылу үрдісін көрсетіп келеді. Ал Өзбекстанда 2005 жылдардан бері (әндіжан оқиғаларынан кейін) қандай да болсын американдық ресурстық орталықтар туралы айту қиын. Құрама Штаттардың барлық ақпараттық жұмысы Ташкенттегі елшілік жұмысымен шектеледі.

«Жұмсақ күш» саясаты Орталық Азияға қатысты сыртқы және ішкі акторлармен қолданылады. Қатысушылар әртүрлі стратегияларды қолдану арқылы түрлі халық топтарына әсер етеді. Ресей өз алдына мақсат етіп, орыс тілді аудиториямен жұмысты қояды; АҚШ жастарға назар аудара отырып, интернет-технологияларды пайдалануға көңіл бөледі; АҚШ және ЕО бағдарламалардың әртүрлілігіне негізделіп, экологиялық, денсаулықсақтау мәселелерін қозғайды; ал Қытай тіл мен мәдениетті алға шығарып, ресми арналар негізінде әсер етуді жөн көреді; ЕО пен Қытай көп жағдайда «жұмсақ күшті» өзінің экономикалық қызығушылықтарын қанағаттандыруда қолданады.

Орталық Азиядағы посткеңестік мемлекеттердің ақпараттық-мәдени кеңістігінде АҚШ-тың орнығуы орын алды, алайда, оның «жұмсақ» әсерінің деңгейі барлық жерде бірдей емес; сондай-ақ, оның жария дипломатиясының ресурстық орталық желілерінің саяси-құқықтық ортасы да тұрақсыз.

Осылайша, аймақтың басқа да халықаралық қатынастар аренасындағы ірі ойыншылардың қызығушылықтарын тудырып отыруы және басқа да жоғарыда аталған себептер нәтижесінде, Америка Құрама Штаттарына Орталық Азия аймағында әсер ету саласын қолында ұстап қалу үшін, жарқын болашақта, жаңа идеялар мен концепциялардың пайда болуын қамтамасыз еткені жөн болар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лебедева М.М. Ресурсы влияния в мировой политике / Полис. 2014. № 1. С. 99 – 108
2. Nye J. S. The Paradox of American Power: Why the World's Only Superpower Can't Go It Alone, Oxford University Press, 2002.
3. Nye J. Soft Power and Higher Education. 2004. EDUCAUSE. Mode of access: <http://net.educause.edu/ir/library/pdf/FFP0502S.pdf>
4. Фонд публичной дипломатии им. А.М. Горчакова. Публикации по ЦА. Режим доступа: <http://gorchakovfund.ru/search/?searchid=2070088&text=%D1%86%D0%B5%D0%BD%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D0%B0%D1%8F%20%D0%90%D0%B7%D0%B8%D1%8F&web=0>
5. Власов А. Россия и Центральная Азия: упущенные возможности и новые перспективы / Российский совет по международным делам. М.: РСМД, 2013. Режим доступа: http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=1392#top
6. Delegation of European Union to Kazakhstan. Overview. Mode of access: http://eeas.europa.eu/delegations/kazakhstan/projects/overview/index_en.htm
7. Интервью министра культуры КНР Цай У корреспонденту информационного агентства «Казинформ» 4 ноября 2013 г. Режим доступа: <http://www.inform.kz/rus/article/2602375>
8. Morozov E. The Digital Dictatorship // The Wall Street Journal, 20 February 2010
9. Бонен Й., Кальморген Я.-Ф. Как Web 2.0 изменяет политику // Internationale Politik, июль – август 2009, № 7.
10. American Corners in the World [http://www.americancorner.hu/htmls/american_corners_in_the_world.html], 29 July 2010.

ӘОЖ 327.33 (574+519)

ҚАЗАҚСТАН МЕН ОҢТҮСТІК КОРЕЯ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Рахметова Камелия Кайратовна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Қилыбаева П.Қ.

Қазақстан мен Корея Республикасының арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылғы 28 қаңтарда орнатылды. Содан бастап екі ел арасында саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту тұрғысында қыруар шаралар атқарылды.

Корея Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі 1993 жылы, ал Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы Елшілігі 1996 жылы ашылды.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында Елдік және өңірлік басымдықтардың бірі ретінде Корея Республикасымен өзара іс-қимылда аса жаңа технологияларды тартуға, Қазақстанда энергия және су үнемдеу технологияларын енгізуге, түрлі салаларда қазақстандық білім беру